

Sades SA-904 Locust Plus ойын құлаққаптары

ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАУ

Сізге SADES ұсынған Locust Plus ойын гарнитурасын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. SADES компаниясы 2012 жылдан бері нағыз геймерлерге жоғары сападағы дыбысты қамтамасыз етіп келеді.

ЖҮЙЕЛІК ТАЛАПТАР

- Windows 7/8/10
- Стандартты USB-ағытпасы бар дербес компьютер

ҚАПТАМАНЫҢ ІШІНДЕ


- SADES ойын гарнитурасы
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік талоны
- SADES эксклюзивті стикері
- Желден қорғаныш

БҚ ОРНАТУ

1. SADES БҚ жаңарту үшін біздің веб-сайтқа кіріңіз (<http://www.sades.gg/driver>).
2. БҚ орнатпас бұрын, құлаққапты дербес компьютеріңіздің USB-портына қосыңыз. Табылған жабдық туралы жүйелік хабарлама шығуын күтіңіз, содан кейін БҚ орнатуды іске қосыңыз.
3. Драйвер бар дискіні салып, одан «Setup» файлын табыңыз. Оны екі рет тінтуірдің со жақ пернесімен бассаңыз, орнату басталады.
4. Өрі қарай экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.
5. Орнату аяқталғаннан кейін «Аяқтау» дегенді басып, компьютерді қайта жүктеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Гарнитураны дербес компьютерге қосар алдында барлық мультимедиа қосымшаларын жабыңыз.
2. Драйверді орнату кезінде пайдаланған USB-портты есіңізге сақтаңыз, оны кейін дыбысты жаңғырту үшін пайдаланыңыз. Егер басқа портты пайдаланып тұрсаңыз, БҚ жұмыс істемейі мүмкін.
3. 7.1 виртуалдық орта функциясын пайдалану үшін, оның БҚ теңшелімдерде қосылғанына көз жеткізіңіз.
4. «Locust Plus» сіздің дербес компьютеріңізде әдепкі қалпы бойынша дыбыс шығару құрылғысы ретінде орнатылғанына көз жеткізіңіз: тінтуірдің оң жақ пернесімен «Іске қосу»

панелінің оң төмен бұрышындағы  динамик белгішесін басыңыз да «Ойнату құрылғылары» дегенді таңдаңыз. Содан кейін «Locust Plus» таңдаңыз.

ЕСКЕРТУ:

Кейбір ескі компьютерлерде жерге тұйықталуына байланысты проблемалар болуы себебінен микрофонда азғантай аялық шуыл болуы мүмкін. Бұл әдеттегі кедергілер, олар гарнитураның ақаулығын білдірмейді.

Құлаққаптар — музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

Сипаттамалары

- Үлгісі: SA-904.
- Дыбыс пішімі: Virtual 7.1.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц - 20 000 Гц.
- Сезімталдық: 93 ± 3 дБ.
- Таратқыштың қуаты: 20 мВт.
- Сигнал/шу қатынасы: 80 дБ.
- Динамиктер саны: 2.
- Мембрананың диаметрі: 40 мм.
- Кедергі: 32 Ω.
- Микрофон сезімталдығы: 1 кГц үшін -22 ± 3 дБ.
- Микрофон кедергісі: 1 кГц үшін ≤ 2,2 кΩ.
- Қосқыш: USB.
- Кабель ұзындығы: 2,2 м.
- Жиынтықтама: құлаққаптар, желден қорғағыш, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны, Sades жапсырмасы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғының конструкциясына ешқандай өзгеріс жасамаңыз.
Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
2. Қысқа тұйықталуды алдын алу үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен байланысын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтығы бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетінің бұзылуын болдырмас үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құлаққап кабелінің USB-коннекторын өзіңіздің ДК USB портына қосыңыз.
2. Дыбыс деңгейі батырмалары көмегімен қалаған дыбыс деңгейін баптаңыз.
3. Құлаққаптардың сол жақ айшанақтарында орналасқан микрофонды қосу үшін оны шертуге дейін көлденең күйге (төменге) бұраңыз. Микрофонды өшіру үшін оны шертуге дейін тік күйге (жоғары) бұраңыз.
4. Дыбысты өшіру/қосу үшін дыбысты өшіру батырмасын басыңыз.

Сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүргізілуі керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.

- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті зиян келтіруді алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесісіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші:

Шэньчжэнь Сэйдс Диджитал Текнолоджи Ко., Лтд.
9F, к. А, Жунь Чуаньсин Таймс ғимараты, Липу 3 к-сі, Булун тас жолы, Баньянья к-сі, Лунган ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Тауардың шығарылған күні қаптамада көрсетілген.